ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№

05.06.2019г. № КВГА-13

**«Tech Service KZ» ЖШС-і
директоры
М.С. Жаббарбергеновқа**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 20.05.2019 жылғы № 43655 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген №3253357-2 «Қызылорда қ. Ақсуат а/о ұзындығы 850 метр А.Арысбаев көшесін орташа жөндеу» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер расталмады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қағидаларының (*ары қарай – Қағидалар*) Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның Біліктілігі туралы мәліметтерерінің Ескертуінің 1 тармағына сәйкес, құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады.

Конкурстық құжаттамаға сәйкес, тапсырыс беруші жолды орташа жөндеу жұмыстарын сатып алынуда.

Қағидаларының Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның Біліктілігі туралы мәліметтереріне сәйкес, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәлімет болмаған жағдайда, рұқсаттың (лицензия) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензия) бар екені туралы мәліметтер көрсетіледі.

Камералдық бақылау барысында барлық әлеуетті өнім берушілерінің құрылыс-монтаж жұмыстарына мемлекеттік лицензиялары бар екені анықталды.

Соған байланысты, Қағидаларының 150 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия барлық («Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-ң өтінімінен басқасы) өнім берушілердің өтінімдерін конкурсқа қатысуға заңды түрде жіберді.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Заң*) 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /қол қойылған/ Ш. Шайназарова

Орын. Жетембекова А.
Тел. 71-78-73